

# Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым

Alhan Bókeihan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

# AQTOĞAI AJARY

Aqtoғai aýdandyq qoғamdyq-saiasi basylym

Gazet 1938 jylǵy 15 tamyzdan shyǵady

@ aktogai\_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№50 (7887)  
Бейсенбі  
15 желтоқсан  
2022 жыл

## Құрметті аудан тұрғындары!

Баршаңызды Ұлы дала елінің ұлық мерекесі, елдігіміздің тұмары - Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Тәуелсіздік - дәуір мен уақыттың бізге берген үлкен сыйы, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Бұл күн – ата-бабамыз аңсаған арманның жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған Ұлы күн. Жер бетіндегі қай халық үшін де тәуелсіздіктен биік ұлы мұрат жоқ. Еліміздің Тәуелсіздігі – ұлтымыздың ежелден еркіндік аңсаған асқақ рухының және ұлт тарихындағы барлық азаттық үшін болған күрестердің көк байрақты жеңісі.

Азаттық, тәуелсіздік, егемендік – кез келген ұлт үшін ең қымбат мұра десек, қазақ халқы үшін бабалардың асыл арманының орындалған сәті, Тәуелсіздіктің алтын ғасырына аяқ басқан мерейлі мезетіне биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алғанына – 31 жыл толып отыр.

Халқымыздың бірлігі мен қиындыққа мойымайтын ерік-жігері, қайсарлығының арқасында Тәуелсіздіктің ширек ғасыр ішінде егемен елдің әлеуметтік-экономикалық әлауқаты артып, мәдени-рухани келбеті жоғары деңгейге жетті. Еліміздің тәуелсіздігі мен мемлекеттілігінің орныға түсуі, ұлттық қауіпсіздігі, экономикамыздың жедел қарқынмен дами беруі, Қазақстан халықтарының өз болашақтарына деген берік сенімі, қазіргі замандағы өркениетті қауымдастық ортасында іргелі елге айналуы – стратегиялық негізгі бағыттарды құрайды.

Сондықтан, бұл күн жас мемлекетіміз үшін – біртұтас елдіктің, ынтымақтастық пен татулықтың, сонымен қатар, өткенге деген тағзымды салауат пен болашаққа деген сенімді үміттің мерекесі болып табылады. Еліміздің ұлы тарихына, ата-баба рухына, аға ұрпақтардың қаһармандық өмір жолына құрметпен басымызды иіп, Отанымыз – Қазақстанға деген құрметтеу сезімін әкелетін бүгінгідей мереке күні алға қарай тағы да берік сеніммен қарап, болашақтың тыныш өмірінің негізін қалау үшін қазір де бұл бағыттағы іс-әрекетті жалғастыру керек. Ата-бабаларымыздың алдында тәуелсіздік үшін күресу мақсаты тұрған болса, біздің алдымызда оны нығайта түсу міндеті тұр.

Қадірлі жерлестер! Тәуелсіздік – барша Қазақстан халқы ерекше қадірлейтін, өткеннен тағылым алып, келешекке байыпты қадам жасайтын маңызды күн. Біз еркіндігімізді әрқашан мақтан тұтып, қастерлей білуге тиістіміз. Бұл – біздің азаматтық парызымыз, адамдық борышымыз. Алдағы уақытта да әлі талай игілікті істердің куәсі болатынымызға сенімдіміз. Барша аудан халқын Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен шын жүректен құттықтай отырып, еліміздің кемел келешегін нығайту жолындағы еңбектеріңізге табыс, мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілейміз. Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, мемлекетіміздің мерейі үстем, еліміздің егемендігі баянды болсын!

Аудан әкімі  
С.Әбеуова

Мәслихат хатшысы  
Р.Әбеуов



## «АМАНАТ» алғыс білдірді

Қараша айының соңында қазақстандықтардың назарын тегіс өзіне бұрған үлкен саяси науқан болып өтті. Ол жайында тарқатып айтудың өзі артық. Қарашаның 20-ы күні өткен кезектен тыс президент сайлауына болашағына бей-жай қарамайтын әр бір қазақ баласы бір кісідей қатысып, өз таңдауын жасады. Бұқараның дені бас-аяғы 12 үміткердің арасынан Қ.Тоқаевқа дауыс беріп, өз сенімдерін білдірді. Осылайша сайлауға түскен өзге қатысушылардан анағұрылым көп дауыс жинап, Қ.Кемелұлы ел президенті атанды.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында осымен 3-ші мәрте өткен осынау ауқымды саяси шараның жоғары дәрежеде өтуі үшін уақытпен санаспай, күн-түн демей еңбек еткен жандар аз емес. Тұтас ел үшін, баянды болашақ үшін тынымсыз үгіт-насихат жүргізіп, жемісті жұмыс жасаған жандар ескерусіз қалған жоқ.

Желтоқсанның 12-і күні аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында алқалы жиын болып өтті. Аталмыш шараға «Аманат» партиясы Қарағанды облысы филиалының атқарушы хатшысы Б.Алтынбеков, «Аманат» партиясы Ақтоғай ауданы филиалының атқарушы хатшысы Т.Таукеев, аудандық мәслихат хатшысы Р.Әбеуов және ауданымыздың белсенді азаматтары мен жастар қауымы қатысты. Жиын барысында сөз алған Б.Қомарұлы қазіргі уақытта «Аманат» партиясының ұстанған бағыты мен ел

көлемінде жүзеге асып жатқан жобалар мен жұмыстар ләгін сөзге тиек етті:

-Сайлауалдындағы үгіт-насихатжүргізубойынша жұмыс пен сенімді өкіл ретінде кандидаттың мүддесін халыққа жеткізу – үлкен жауапкершілікті және тәжірибені қажет етеді. Осы жұмысты абыроймен, тиісті деңгейде атқарып шыққан азаматтар әр өңірлерде елшілі жатыр – деген партия атқарушы хатшысы Қазақстан республикасының Президентін сайлау науқанына дайындық және оны



өткізу жұмыстарына қосқан үлесі үшін бір қауым азаматты мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың алғыс хатымен және Республикалық қоғамдық штаб жетекшісі, партия төрағасы Е.Қошановтың алғыс хатымен марапаттады.

Сонымен қатар, Сарытерек ауылдық округінің әкімі Қ.Серкебаевқа партияның «Белсенді қызмет үшін» төсбелгісін табыстады. Шара соңында жиынға қатысушы қауым естелік суретке түсті.

Г.Елүсизова.



16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

Президент тапсырмасын орындай отырып...

Осы уақытқа дейін талай мәрте айтылды. Алдағы уақытта да айтыла бермек. Тәуелсіздік бізге оңайшылықпен келген жоқ. Егемендік деген бір ауыз сөздің астында бір ұлттың тағдыры мен азаттыққа қол созған азаматтардың мекеніне толы күрес жолы жатыр.

Қазақ қызыл империяның көлеңкесі түскеннен бастап, ғасырға жуық уақыт

Қазақ еліне егемендік алуға бірден-бір себеп болды. Бүгінде аса үкен тебіреніспен еске алатын сол күндері қазақтың қаншама жалынды жастары қыршын кетті. Оны тарих беттерінен оқып біліп, көгілдір экран арқылы көріп, күні бүгін аразамызда жүрген тірі куәгерлердің өңгімесінен қанықпыз. Бейбіт күннің ұрпақтары – яғни біз үшін шахид кешкен аға-апаларымыздың есім-

Тәуелсіздікке тағзым



егемендікке қол созумен болды. Ел арасында халқының болашағына бас ауыртқан ерлер жұдырықша жұмылып, демілі-демілі бас көтеріп, қарашаны ұзын арқаң, кең тұсауда ұстап отырған орыс билігіне қарсы шықты.

1986 жылы желтоқсан айының 16-18-і аралығында қазақ жастары Кеңес Үкіметінің отаршылдық саясаты мен әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық іс-қимылдарын көрсетіп, қазақ тарихындағы ұлт-азаттық көтерілістің соңғы нүктесін қойды. Осынау қозғалыс

дерін естен шығармай ұлықтау, ерліктеріне тағзым ету перзенттік борышымыз.

Желтоқсанның 15-і күні аудан орталығындағы «Алаш алаңына» бір қауым ел жиналып, еңселі ескерткіш алдына гүл шоқтарын қойды. Шараға аудан әкімі С.Әбеуова мен орынбасарлары, бөлім-мекеме басшылары және ауыл тұрғындары қатысты. Жиналған қауым бір сәт үнсіздікпен ел ертеңі үшін пыбын жанын төрк еткен батырлардың рухына тағзым етті.

Деректі фильм көрерменге жол тартты

Қазақ қазақ болып өз алдына жеке ел болып, кереге керіп, шаңырақ көтергелі шапқан тұлпардың тұяғы тозып, ұшқан сұңқардың қияғы талатын осынау иен байтақ далаға көз тіккен сырт елмен арпалысумен болды. Кешегі күнге көз жүгіртіп, арғы-бергі тарихты парақтайтын болсақ, Қазақ-Жоңғар шапқыншылығынан бастап, кешегі «Желтоқсан оқиғасына» дейінгі аралықта еліміз мойнындағы бұғауды үзіп, бостандыққа қол жеткізу үшін талай мәрте бас көтерді. Соның бірі әрі бірегейі Алаш қозғалысы.

Орыс үкіметімен ыықтасып, тең дәрежеде болған Алаш үкіметі қазақтың өзіне тиісті талай рухани-мәдени, ұлттық құндылықтарын сақтап қалуға күш салды. Бір ғасырда бір туатын ат төбеліндей арыстар жандарын ұлт болашағы жолында, азаттық жолында пидда етті.

Алаш автономиясының іргесін қалап, көш басында болған жандардың бірі, Ақтоғайдың топырағынан түлеп ұшқан – Әлихан Бөкейхан. Әлихан Нұрмағамбетұлы саналы ғұмыры мен бар білімін, білігін ұлт болашағына арнады. «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қызмет қылмай қоймаймын» деген Әлиханның салып кеткен сара жолы бүгін тұтас ел үшін парасаттылыққа, кемелділікке бастайтын дара жол болмақ. Сол себепті де Әлихан Бөкейханның ғұмырнаамасын, еңбегін саралау, зерттеу әлі де болса қажет етеді.

Ағымдағы жылдың желтоқсан айының 14-жұлдызында аудан орталығында «Алашорда» автономиясының құрылғанына 105 жыл толуына және Қарағанды қаласындағы Октябрь ауданына Әлихан Нұрмағамбетұлының есімі берілгеніне жыл толуына орай ауданымыздың құрметті азаматы, өлкетанушы Т.Мұқанның жинақтауымен жарық көрген «Әлихан – ұлт азаттық күрескері» атты танымдық деректі фильмнің тұсау кесері өтті. Аталмыш шараға аудан әкімі С.Әбеуова, мекеме, бөлім басшылары мен арнайы келген қонақтар және аудан тұрғындары қатысты. Бірінші кезекте өңір басшысы С.Әбеуова жиналған қауымды ұлық мереке – Тәуелсіздік күнімен құттықтай келе, осындай берері мол дүниені жинақтаған Т.Өміртайұлына зор алғысын білдірді. Іле сөз кезегін алған фильм авторы Т.Мұқан осынау туындыны жарыққа шығару жолында жасаған еңбегіне тоқталып өтті. Сондай-ақ, ел тарихынан ойып орын алатын Алаш арыстарын да сөзге тиек етті. Аталмыш фильмді жинақтап, жарыққа шығаруға М.Әбузардың да сіңірген еңбегі ересен.

«Тұғырлы тұлғалардың» тұсауы кесілді



XXI ғасырдың технология дәуірі болатыны осыдан жүз жыл ілгеріде айтылып қойған. Сол кездегі болжам дөп келіп отыр. Қазір қия баспаңыз адам баласының ғылымға иек арта отырып қол жеткізген жетістіктерінің куәсі боласыз. Технологияның қарыштап дамығаны соншалық адам баласының күнделікті қолданысына дендеп енді.

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», -деп, Әл-Фараби айтқандай айналамызда етек жайып келе жатқан технология атаулыны адам баласының игілігіне, парасаттылыққа негіздеп, ілім-ғылымның жолында пайдалану қажет. Осылайша баянды болашақтың ірге тасын қалауға әбден болады.

Күні кеше сондай ізгілікті істі көзімізбен көріп қайттық. Аудандық орталықтандырылған кітапханасында infomania жаңалықтар шеруі болып өтті. Шара барысында аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің инженер-технологы А.Мағден өзінің табанды еңбегінің нәтижесінде әзірлеп, жарыққа шығарған жаңалықтарын таныстырды. Таныстырылымның шымылдығын «Голограмма» құрылғысымен түрді. Осынау құрылғы арқылы кез-келген бейнежазбаларды 3D, 4D форматына көруге болады. Келесі кезекте «Тарих сөйлейді» жобасын ақтоғайлық оқырман қауымға паш етті. Жобаның мақсаты – кітапханаға оқырман тарту, өлкені кеңінен таныстыру, кітапхананы басқа қырынан таныту болып табылады. Осы орайда айта кетерлігі, аудан әкімдігінің қолдауымен аталмыш жобаның негізінде «Тұғырлы тұлғалар» атты қос кітап жарық көріп, кешегі күні тұсауы кесіліп, оқырман қауымға жол тартты. Кітапта Ақтоғайдан түлеп ұшқан, алты Алашқа аты мәлім тұлғаларымыздың ғұмырнаамасы мен шығармашылығы топтастырылған. Кітаптағы ерекшелік сонда – парақтағы суретке ұялы телефонның камерасын жақындатсаңыз, смартфон бетінде ешқандай сілтеме және ғаламторсыз, сол кескін жөніндегі бейнеролик автоматты түрде көрсетіледі. Ол үшін сіздің қалтафоныңызда бар болғаны «меморис» қосымшасы болса жеткілікті. Осынау қосымша арқылы және кітап бетіндегі QR код арқылы тамаша бейнежазбаларды көруге әбден болады. Жоба авторы Айжанның айтуы бойынша уақыт қат болып қалғандықтан бұл жинаққа аудан мақтаншысы болған тұлғалардың дені еңбей қалған. Десе де, алдағы уақытта «Тарих сөйлейді» жобасының шеңберінде «Тұғырлы тұлғалар» кітабының сериясы жалғасын табатынын жеткізді.

Ауданымызда жарық көріп жатқан осындай тың дүниенің таныстырылымына аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов, ауданымыздың құрметті азаматы Т.Мұқан, ақын М.Сейдахмет және жарық көрген кітапқа енген тарихи тұлғалардың жақын-жарандары мен арнайы Қарағанды шәріңн келген қонақтар қатысты. Әуелгі кезекте сөз алған А.Базылұлы жиынға қатысқан қауымды келе жатқан Тәуелсіздік күнімен құттықтады:

–Қасиетті Ақтоғай талантты тұлғалардан кенде емес. Басы Әсет, Әлихан, Әлімхандардан бастап күні бүгін әр салада ауданымыздың атын аспандатып жүрген перзенттеріміз аз емес. Біз сол жандардың есімін ұлықтау мақсатында әр алуан рухани-мәдени шараларға ұйыпқы болудан танбаймыз. Бүгін тұсауы кесіліп жатқан жаңа кітабымыз осы сөзіміздің жанды дәлелі болмақ. Құрметті кітапхана ұжымы еңбектеріңізге табыс тілеймін. Еліміз үшін маңызы орасан мерекемен тұспа-тұс келіп отырған бүгінгі шара алдағы уақытта да жалғасын таба берсін - деді аудан әкімінің орынбасары. Сондай-ақ, өлкетанушы Т.Мұқан, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі М.Сейдахмет шаршы топтың алдына шығып, өз лепестерін білдірді. Шара соңында күміс көмей әнші, талай халықаралық байқауларда топ жарып жүрген «Әуен» ансамблінің жетекшісі С.Мүбәрәкұлы «Сары бидай» әнін шырқап, дегдар өнерді паш етті.

Айта кеткен абзал, бұл жоба Ж.Бектұров атындағы Қарағанды облыстық жасөспірімдер кітапханасы ұйымдастырған «Креативті идеялар, инновациялық тәжірибелер банкі» байқауының I дәрежелі дипломын еншілеп, Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Е.Жұмакеновтың алғыс хатымен марапатталған.

Бетті дайындаған Е.АЙТЖАН.



Қазақстан-2050: мемлекеттік қызмет

## Заманауи талаптарға икемді мемлекеттік аппаратты қалыптастырудағы адами ресурстар мәселесі талқыланды

9 желтоқсанда Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен және Астана мемлекеттік қызмет хабының қолдауымен ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясында «Мемлекеттік қызметтегі HR: персоналды стратегиялық басқаруға көшу» HR форумы өтті.

Іс-шараға МҚІА төрағасы Дархан Жазықбаев, Астана мемлекеттік қызмет хабы басқарушы комитетінің төрағасы Әлихан Байменов, Түркия Республикасы Президентінің жанындағы Адами ресурстарды басқару офисінің президенті Салим Атай, Корея Республикасы Адами ресурстарды дамыту ұлттық институты ғылыми-зерттеу орталығының бас директоры Чун Джи Юн, Әзірбайжан Республикасы Мемлекеттік емтихан орталығы төрағасының орынбасары Бахрам Халилов, сондай-ақ, мемлекеттік органдар өкілдері, HR саласындағы отандық және шетелдік сарапшыларды және де Орталық Азия елдерінен келген делегаттарды қамтитын 300-ден астам адам қатысты.

Агенттік төрағасы Дархан Жазықбаев өз сөзінде Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси реформалар аясында мемлекеттік қызмет жүйесіне жаңа талаптар жүктелгенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында «Мемлекеттік қызмет істері агенттігі толыққанды стратегиялық HR институтына айналуы тиіс» деп атап өтті. Агенттік тарапынан мемлекеттік қызметке ЭЫҮД елдерінде кеңінен қолданылатын HR құралдарын енгізу бойынша шаралар пысықталуда. Біз үшін HR саласындағы жаңа білімдерді жинақтау, сондай-ақ, мемлекеттік қызметке білікті мамандарды тарту өте маңызды. Ашық, әділ шешімдер қабылдай алатын, белсенді, заманауи талаптарға икемді мемлекеттік аппаратты қалыптастыруда адам капиталына ден қоюдың маңызы зор», – деді Агенттік төрағасы.

Форумға арнайы келген делегаттар мемлекеттік қызметті дамытудағы тәжірибелерімен бөлісіп, Қазақстанның халықаралық тәжірибеге бағдарланған мемлекеттік қызметті одан әрі жетілдіру, оның ішінде HR-ды дамыту жөніндегі қадамдарын оң бағалады.

Қазақстанның және шет елдердің мемлекеттік, квазимемлекеттік және жеке секторларының жетекші сарапшылары арнайы сессиялар аясында мемлекеттік қызметшінің жаңа болмысын, HR мамандарын даярлаудың өзекті мәселелерін, тиімді HR құралдарын, адами ресурстарды басқарудағы трендтер мен сын-кәтерлер, жаңа мүмкіндіктер, көшбасшылардың ролі мен құндылықтары туралы мәселелерді ортаға салды. Іс-шара аясында агенттік төрағасы шетелдік сарапшылармен жұмыс кездесулерін өткізді. Атап өту керек, форумның мақсаты – орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың басшыларын, HR саласындағы отандық және халықаралық сарапшыларды, мемлекеттік органдар мен корпоративтік сектордың персоналды басқару қызметтерінің басшыларын, персоналды басқару саласында кадрлар даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының басшыларын бір алаңға жинау және маңызды мәселелерді талқылау.

ҚР МҚІА Баспасөз қызметі.

Табиғат - тал бесік

## Жануарлар дүниесі – ел байлығы

Ақтоғай ауданының көркі орман-тоғайы ғана емес, төскейінде жыртылып айырылатын аң-құсында. «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы» мемлекеттік мекемесінің негізгі қызметі табиғаттың баға жетпей байлығы орман-тоғайларымыз бен жануарлар дүниесін қорғау. Оның тіршілік ету ортасы мен биологиялық әртүрлілігін сақтауға және көбейтуге, сондай-ақ, табиғат қорғау заңнамасын бұлжытпай орындауға бағытталған. Аталмыш мекемеге қарасты Қызыларай орманшылығы қызметкерлері белгіленген жоспарға сәйкес жүйелі жұмыстар атқарып келеді. Негізгі жұмысымыз аңшылық және орман тәртібін бұзушылар мен браконьерге қарсы күресті күшейту. Қызыл кітапқа енген аңдардың қатарына даланың еркесі ақбөкен де бар. Ақбөкендер азық табу мақсатында қоныс ауыстырып отыратын аң екені баршаға мәлім. Отар-отарымен жаз-қыс жайылымын ауыстырып отыратын ақбөкендер қоныс ауыстыру барысында Ақтоғай ауданы аумағын басып өтеді. Алайда киікті атушылар мен оны жазықсыз қуалап мекенін өзгертуге әкеп соқтырудың салдарынан киік саны бүгінде азаюда. Осындай себептерден Қазақстанда киікті ерекше қорғауға алып, атуға тыйым салынған.

Бұрын киелі киікті еті үшін атып алатын болса, бүгінде қымбат болған мүйізі үшін де аулайтын болды. Алайда, еске салайық, 2019 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қазақстанда браконьерлікке қарсы жаза күшейтілген. Бұрын браконьерлік қылмысы дәлелденген адамның мүлкі тәркіленіп, 7 жылға дейін бас бостандығынан айырылса, қазір жаза мерзімі 10 жылға дейін артты. Мемлекеттік инспекторлар мен қорықшыға қатысты өмірге қол сұғушылық және күш қолданғаны үшін 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру не мүлкі тәркіленіп, өмір бойына бас бостандығынан айыру көзделген.

«Біз табиғаттың өзін қайта түлететін ұрпақпыз. Әрбір ағашты, әрбір бұтақты, жалғыз дөңлі де ыждағаттылықпен сақтау, қамқор болу – басты міндеттің бірі», - дейді Б.Жақаев. Табиғат – адам баласын дүниеге келтіріп, бойындағы бар махаббат мейірімін, күн шуағын жүрегімізге ұялататын аяулы мекен! Сондықтан әр тұлға табиғаттың осынау теңдессіз байлығын көздің қарашығындай сақтауға міндетті.

Қ.Шапырастанов,  
Қызыларай орманшылығының басшысы.

Бұл туралы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев Астана қаласында өткен «Мемлекеттік қызметтегі HR: персоналды стратегиялық басқаруға көшу» HR форумында баяндады.

«Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен мемлекеттік қызметке орналасу конкурстарының әділдігін қамтамасыз ету үшін «Е-қызмет» ақпараттық жүйесінің сыртқы порталында мемлекеттік қызметке жаңа іріктеу алгоритмі әзірленіп, конкурстық рәсімді өткізу форматы қайта қаралды. Конкурстық рәсімнің жаңа форматы

үшін осы талапты мемлекеттік органдар өздері белгілей алады); салалық және тәуелсіз сарапшылардан, HR мамандар, әдеп жөніндегі уәкілдерден тұратын конкурстық комиссиямен әңгімелесуді қамтиды.

МҚІА басшысының айтуынша, іріктеудің бұл тәсілдерін 2023 жылы «Е-қызмет» ақпараттық жүйесінде пилоттық апробациядан өткізу жоспарлануда. Сонымен бірге, мемлекеттік қызметті одан әрі жетілдіру мақсатында жекелеген саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің («А» корпусы және

## Мемлекеттік қызметке тестілеу 24/7 қолжетімді болады

үміткерлерге алдын ала белгіленген уақытта өтетін әңгімелесуден басқа барлық кезеңдерде кез келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінен конкурсқа қатысуға мүмкіндік береді», – деді агенттік төрағасы.

Тестілеуден өту қағидаларын сақтау Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу барысында қолданылып, тиімділігін көрсеткен – прокторинг жүйесі арқылы қамтамасыз ету көзделген.

Әзірленген іріктеу алгоритмі – заңнаманы білуге арналған 4 нормативтік құқықтық актілер бойынша тестілеуді (Конституция, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдары, әдеп кодексі); қабілеттілік пен құзыреттілікті тестілеуді (IQ, EQ, SQ тестілеу); басшылық лауазымдар үшін – эссе жазуды (орындаушылық лауазымдар

«Б» корпусының жоғары лауазымдары саяси лауазымдарға әлеуетті кандидаттар ретінде) құзыреттілігін 2 жылда бір рет ассессмент-орталықтың көмегімен бағалау қарастырылуда. Агенттік кем дегенде 1800 адамға ассессмент өткізуді көздеп отыр.

Атап өту керек, 9 желтоқсанда Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясында «Мемлекеттік қызметтегі HR: персоналды стратегиялық басқаруға көшу» HR форумы өтті. Форумға мемлекеттік органдардың өкілдері, HR саласындағы отандық және шетелдік сарапшылар, Түркия, Оңтүстік Корея, БАЭ, Мажарстан, Әзірбайжан және де Орталық Азия елдерінің делегаттары қатысты.

ҚР МҚІА Баспасөз қызметі.

Тіл тағдыры – ұлт жұмыры

## Көрнекі ақпарат пен жарнамаға сауаттылық

Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруда, сондай-ақ, оның қолданыс аясын кеңейтуге ерекше маңызға ие қозғаушы күштің бірі көрнекі ақпараттар мен жарнамалар екендігі белгілі. Қашанда көрнекі ақпараттар тіліндегі өріп жүрген қателер, сауатсыз олақ аудармалар, сөздік қолданыстағы кемшіліктер тіліміздің көркемдігіне әсер етеді.

Аудан әкімдігінің қаулысымен бекітілген «Тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына» сәйкес, «Ақтоғай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-сі бастамасымен ағымдағы жылы «Көрнекі ақпарат пен жарнамаға – сауаттылық» атты аудандық акция ұйымдастырылды. Аудан бойынша жеке меншік сауда нүктелерінің маңдайша жазулары, ақпараттық тактайша жазулары, жарнамалық жазулар, прейскуранттар мен баға көрсеткіштері т.б. нысандардағы «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» және «Жарнама» туралы Заңдарына сай орналасуы, жазылуы, сауаттылығын бақылау назарға алынды. Акцияның басты мақсаты – аудандағы елді мекендер мен қаладағы көрнекі ақпарат пен жарнаманы ретке келтіру, «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» және «Жарнама» туралы заңдарының талаптарына сәйкес тексеріліп, ретке келтіру аудан

тұрғындарының белсенділігін арттыру, қызығушылықтарын қалыптастыру болып табылады.

Өткізген шараға қоғамдық ұйым өкілдері, «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы мен ерікті тұлғалар, сондай-ақ, аудан тұрғындары да атсалысты.

Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негізін бекітетін негізгі Заң ҚР 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы болып табылады.

Заңға сәйкес, көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мынадай ретпен: мемлекеттік тілде сол жағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде (немесе өзге тілде) оң жағына немесе төменгі жағына орналасады, бірдей өлшемдегі өріптермен жазылады. Қажеттігіне қарай көрнекі ақпараттың мәтіндері қосымша басқа да тілдерге аударылуы мүмкін. Бұл жағдайда қаріп өлшемі нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардан аспауы тиіс. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы №508-ІІІ «Жарнама туралы» Заңына сәйкес, жарнама ақпараты тұтынушыға тиісті түрде жеткізілуі тиіс, қазақ және орыс тілдерінде ресімделіп (қосымша басқа да тілдерде), өріптері анық, мәлімет орналастырылған объект ұқыпты, таза болуы қажет.

А.Бөгембай,  
Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі.



# Қазақстан Республикасының Жер туралы кодексі

43-1-бап. Мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін беру ерекшеліктері

1. Мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығымен беру осы бапта белгіленген тәртіппен және шарттарда шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс негізінде жүзеге асырылады.

2. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесін ауданның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органы осындай жер учаскелерін беруге бұрын келіп түскен өтінімдерді ескере отырып қалыптастырады және бұл қоғамдық кеңестермен, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік емес ұйымдармен, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен келісіледі.

Келісуші органдар мен ұйымдар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі олардың орналасу схемасымен бірге келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде өз ұстанымының уәжді негіздемесі бар қорытынды береді.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі келісуші органдар мен ұйымдар жалпы санының кемінде төрттен үші оң қорытынды берген жағдайда келісілді деп есептеледі.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің келісілген тізбесін ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы келісілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бекітеді.

Тізбеге енгізілген жер учаскелері шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа жерге орналастыру жұмыстары жүргізілгеннен кейін шығарылады, жерге орналастыру жұмыстарын жүргізу мерзімі көрсетілген тізбе бекітілген күннен бастап қырық бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.

2-1. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің ең жоғары мөлшері жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті өкілді және атқарушы органдарының бірлескен шешімдерімен айқындалады.

Бұл ретте көрсетілген мөлшерлер осы Кодекстің 50-бабының 4-тармағына сәйкес белгіленген жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерінен аспауға тиіс.

3. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізуді аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

4. Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізуді қамтамасыз ету үшін:

1) шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарламаны тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында, сондай-ақ, жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында жариялауды;

2) шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарламаны тиісті облыс шегіндегі аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына, сондай-ақ, орталық уәкілетті органға оның интернет-ресурсында орналастыру үшін жіберуді жүзеге асырады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу туралы ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес осы хабарламаны өзінің интернет-ресурсында, сондай-ақ, мемлекеттік органдардың халыққа қолжетімді жерлердегі

арнайы ақпараттық стандарттерінде орналастырады және оны аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне олардың интернет-ресурстарында және халыққа қолжетімді жерлердегі арнайы ақпараттық стандарттерде орналастыру үшін дереу жібереді.

5. Хабарламада:

1) шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың өткізілетін күні, уақыты және орны, сондай-ақ, өтінімдер беру мерзімі мен орны;

2) жер учаскесінің сипаттамасы (орналасқан жері, алаңы, алқаптардың құрамы, топырақтың сапалық сипаттамасы, бонитет балы, сумен қамтамасыз етілуі, өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы) қамтылуға тиіс.

6. Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдауды шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарлама тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында және жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында алғаш рет жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, күнтізбелік он бес күн өткен соң бастайды.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау және тіркеу – өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім міндетті түрде тіркеу нөмірі беріліп және өтінім берушіге хабарлама беріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қағаз жеткізгіште немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беріледі.

«Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы берілген шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес, конкурс қорытындысы шығарылған күні ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органына жіберіледі.

7. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың қорытындысы шығарылған күн оның аяқталған күні болып есептеледі.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың қорытындысы шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін келесі күні шығарылады.

8. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі өткізілетін конкурстарға жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалар тізілімінде тұрған тұлғалар, сондай-ақ, осы баптың 19-тармағының бесінші бөлігінде көрсетілген тұлғалар қатысуға құқылы емес.

9. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша

өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

10. Конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

11. Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

14. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазын жер комиссиясы тиісті өлшемшарттарды ескере отырып, балл беру арқылы конкурстық ұсыныстарды салыстыру негізінде айқындайды.

Осы ауданда, қалада, ауылда, кентте кемінде 5 жыл тұратын адамдарға орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес жер учаскесін алу кезінде олардың конкурстық ұсыныстарына қосымша балл беру түрінде артықшылық беріледі.

Жер комиссиясы конкурстық ұсыныстарды бағалайды, салыстырады және жеңіп алған конкурстық өтінімді айқындайды.

Конкурстық ұсыныстарды және шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау кезінде, ұсынылған конкурстық ұсыныстар мен өтінімдердің мөнін қозғайтын, түзетуге болатын грамматикалық және арифметикалық қателер назарға алынбайды.

15. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың қорытындысы жер комиссиясының хаттамалық шешімімен ресімделеді.

Жер комиссиясының хаттамалық шешіміне жер комиссиясының төрағасы және отырысқа қатысқан барлық мүшелері, сондай-ақ, жер комиссиясының хатшысы қорытынды шығарылған күні қол қояды.

17. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың қорытындысы туралы жер комиссиясының хаттамалық шешімі екі жұмыс күні ішінде шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру туралы шешім қабылдау үшін ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органына жіберіледі.

Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың қорытындысы туралы жер комиссиясының хаттамалық шешімі келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру туралы шешім қабылдайды.

**Ауданның жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі.**





Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған кезекті бір Жолдауында, ел дамуына бағытталған жаңа міндеттерді айқындап берді.

Республикасы Президентінің Жарлықтарын және Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулылары, жоғары тұрған органның актілерін орындаудың

аукцион ұйымдастырылды. 3 жеке тұлғаға, 1 заңды тұлғаға, барлығы 2,4144 гектар жер телімі берілді. Өндірістік базаға қызмет көрсету мақсатында Сарышаған кентінде

масына орай ғарыштық мониторинг және қашықтан зондтау жұмысы қайтадан жолға қойылды. «Ғарыштық мониторинг», «Жер инспекторы» бағдарламалары

# ЖЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ – ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ БАСТЫ ШАРТЫ



Онда ел экономикасының дамуы мен оның бәсекелестікке қабілеттілігін арттырудағы негізгі табыс кілті – ұлттық экономиканы әртараптандыруға баса назар аударылды. Жолдауда әртараптандырудың басты бір сегменті ретінде агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды баса айтқан болатын. Яғни аталған салада өнімділікті арттыру, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және экспорттық әлеуетті іске асыру. Ел басшысы алға қойған міндеттерді іске асырудағы аграрлық-индустриялық әртараптандыру арқылы ауылшаруашылық шикізатын қайта өңдеуді шұғыл арттыру, жаңа құрал-жабдықтар мен жаңа технологияларды енгізу, ауыл шаруашылығында заман талабына сәйкес, сапалы өнім өндіруге жаңа көзқарасты қалыптастыру, сонымен қатар, әлемдік тәжірибені кеңінен пайдалану – бүгінде еліміз өздігінен шеше алатын істер. Бұл ретте, әрине, ауыл шаруашылығында негізгі өндіріс құралы болып саналатын жер ресурстарын тиімді пайдалану, аталған міндеттерді іске асыруда аса маңызды рөл атқаратыны белгілі. Ашық нарықтық экономика жағдайында және әлемдік азық-түлік рыногында орын алып отырған үлкен бәсекелестікте ауыл шаруашылығы өндірісінде жетістіктерге жету үшін де жерді тиімді пайдалану басты шарт болып табылады.

Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі мемлекеттік мекемесінің қызметі, жылдық перспективалық және тоқсандық жоспарлық жұмыстарға сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан

негізгі бөлімнің ұйымдастыру шаралары болып табылып, негізгі міндеті, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы аумағында жер қатынастарын реттеу арқылы біртұтас мемлекеттік саясатты жүргізу.

Жалпы ауданымызға тиесілі 52 млн гектар жер болса ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемі 41 млн гектар. Тарқатып айтар болсақ 40 млн гектары – мал жайылымдары. 40 мың гектар шабындық жерлер, 11 745 гектар егістік жерлер болса, 2614 гектар аңыздар және 2289 гектар суармалы жерлер. Сонымен қатар, 74070 гектар түбірінен жақсартылған жерлер.

Бүгінгі таңда шаруа қожалықтарының иелігінде 20 млн гектар жер бар. Елді мекендерге тиесілі жер көлемі 34 млн гектарды құрайды. Өнеркәсіп, көлік, қорғаныс ауылшаруашылығына арналмаған жерлер 22 мың гектар болса ерекше қорғалатын, сауықтыру, рекреация және тарихи мақсаттағы жерлер 112 гектар. Сондай-ақ, 66635 гектар аумақ орман қоры, 8339 гектар су қоры жеріне тиесілі.

Ақтоғай ауданы жер ресурстары саласы бойынша жыл ішінде атқарылған жұмыстарды тілге тиек етсек үстіміздегі жылы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді айналымға қосу мақсатында 5 мәрте жер конкурсы өткізілді. 150000 гектар ауыл шаруашылығы жерлері пайдаланушыларына берілді. Ауыл шаруашылығы нысандарының құрамына жаңадан 87 шаруа қожалықтары 1 ЖШС қосылды.

Комерциялық жерлерге тұрғындардың өтінімдері бойынша 1

балалар ойын-сауық алаңын салу үшін 0,0084 га, Шашубай кентінде сауда павильондарын салу үшін 0,0400 га және 0,0060 га жер берілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Парламент Палаталарының бірлескен отырысында жариялаған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында жайылымдық жерді тиімді пайдалану өте маңызды екендігін ескертті және пайдаланбай жатқан жайылым жерге қатысты шара қолдануды тапсырды.

– «Жер ресурстарын тиімсіз пайдалану мәселесі өте өзекті болып отыр. Жерге салынатын тікелей салықтар деңгейінің төмендігі жағдайды күрделендіре түсті. Мемлекеттен жерді тегін жалға алу құқығына ие болғандардың көпшілігі жерді игермей, босқа ұстап отыр. Елімізде «шөп қорыған иттің» кебін киген «латифундистер» көбейіп кетті. Пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін қайтарып алатын кез келді. Жер – біздің ортақ байлығымыз және оны кім игерсе, соған тиесілі болуы тиіс» – деп атап өтті Қасым-Жомарт Кемелұлы бір сөзінде.

Рас, бұл салада алға жылжу бар. Ең алдымен игерілмеген және тиімсіз игерілген жерлерді анықтап, оны алып қою мақсатымен ғарыштан мониторинг жасау заңнамалық тұрғыдан бекітілді. Үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде Президенттің «қазір мал жаю үшін 29 миллион гектар жер қажет. Соған қарамастан шаруа қожалықтары 33 миллион гектар жерді пайдаланбай отыр. Ауылдық округтердің 80 пайызында жайылымдық жер тапшы» дегені бар. Расында пайдаланылмай жатқан бос жер көп.

Бүгінде ел көлемінде ағымдағы жылдың басынан бері игерілмей жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтарып, жайылымды арттыру мақсатында жергілікті әкімдіктер тарапынан жүйелі жұмыстар атқарылуда. Жыл басында ауданымызда ауыл шаруашылық жерлерінің пайдалануын анықтау мақсатында заң талаптарына сәйкес мониторинг жүргізіліп пайдаланылмаған жердің 319000 гектары мемлекет меншігіне қайтарылды.

Бүгінгі күні Президент тапсыр-

арқылы құзырлы органдармен бірлескен қадағалау, анықтау жұмыстары жүргізіліп шаралар қолдануға ұсыныс жасалуда.

Аудан көлемінде «Ғарыш мониторингінде» 21 нысан, «Жер инспекторында» 108 нысан анықталды. Құзырлы органдарға осы нысандар бойынша сұраныстарына сәйкес ақпараттар берілуде.

Жер телімдерінің даулы мәселелері бойынша 4 сот отырысы өткен. Соттар қарауында әртүрлі жер мәселелері жөнінде 5 іс қаралуда. 36 елді мекендердің шекара белгілеу жұмысы толықтай аяқталған. 31 елді мекеннің даму схемалары жасалды. 3 елді мекендікі жасалып аяқталуда.

2022 жылы бөлім тарапынан тұрғындардың өтініштеріне сәйкес 637 мемлекеттік қызмет түрлері көрсетілген. Сәулет жобалық тапсырмасы (АПЗ) бойынша 50, эскизді келісу 42, елді мекен шегінде объект құрылысын салу 30.

Жыл басынан жеке және заңды тұлғаларға жер телімін беру жөніндегі комиссияда 19 отырысы өткізіліп, 334 өтініш қаралды. Жыл басынан бері мемлекеттік көрсетілген қызметтерге тоқталсақ.

Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу 68. Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру 20. Жер учаскелерінің нысана мақсатын өзгертуге шешім беру 19 және жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту 372.

2023 жылы ауыл шаруашылығы жерлерін айналымға енгізу мақсатында 4 конкурс (90 мың) өткізу, коммерциялық мақсат үшін жер беру мақсатында 2 аукцион өткізу (2 гектар) жоспарланған.

Сонымен қатар, алдағы 2023 жылдың қаңтар айында ауыл шаруашылығы жерлерін мониторинг жасалып тиімсіз пайдаланған жер пайдаланушылармен белгіленген алгоритмге сәйкес жұмыс жүргізілетін болады.

**Е.Мәкәрім,  
ауданның жер қатынастары,  
сәулет және қала құрылысы  
бөлімінің бас маманы.**







«Дін – ұстай алсаң қасиетін, ұстай алмасаң қасиетін» деген сөз бар. Бұл сөзден діннің имандылыққа, адамгершілікке, бейбітшілікке үндейтінін түсінсек болады. Діннің таза бұлағынан сусындаған адамның аталмыш қасиеттерді бойына сіңіргінін білеміз. Алайда

идеология өкілінің назарын өзіне аудармай қоймайды. Дәл мұндай қолжетімді аудитория бұрын сонды болған емес. Сәйкесінше жатағым өкілдерінің серкелері де әлеуметтік желілерді өз пайдаларына шешкілері келетіні түсінікті. Сондықтан да әлеуметтік желіні қолданғанда, әсіресе

## Теріс ағымға түспеу үшін не істеу керек?

діннің атын жамылған теріс пиғылдағы ағымдардың да бары жасырын емес. Біз жоғарыда келтірген қасиеттерді сырып тастап, тек соғысқа үндеп, елдің шырқын бұзуды көксеп, теріс идеологияны ту еткен жат ағымдардың соңынан талай азаматымыздың еріп кеткені көпшілікке мәлім. Дәл осындай қатыгез идеологияға арқа сүйейтін жат ағымдардың бірі ретінде өздерін Ислам мемлекетіміз деп атап жүрген ДАИШ ұйымын айтсақ болады. Таяу Шығыстың тыныштығын бұзған бұл ұйымның айтқанына сеніп, біздің елімізден де біршама азаматтардың Сирия асқанын білеміз. Сол бауырларымыздың өзге елден тура жол іздеп, шекара асуына нәнді себептер болды, теріс бағыттағы діни ұйымның құрығына қалай түсіп қалды? Мақаламыздың мақсаты – дәл осы сұрақтарға жауап табу болмақ.

Жат ағымның жетегіне кетудегі негізгі себептердің бірі – діни білімді әлеуметтік желілерден алу. Ақпараттың ғасыры атанған ХХІ ғасырда әлеуметтік желілердің әсер етушілік күші күннен күнге артып келе жатқаны түсінікті. Мысалы, фейсбуктың әлем бойынша 2 миллиардтан астам қолданушысы бар екен. Инстаграм мен уатсаптың қолданушылар саны 1 миллиардтан асып жығылады. Әрине, осыншама миллиардтар кез келген

діни уағыз тыңдауда, таратуда аса сақ болғанымыз жөн. Себебі сіз білмей тыйым салынған уағызға тап болып, эмоцияға беріліп өзгелер таратып жіберіп, соңы жауапкершілікке ұласып кетуі мүмкін.

Осы тұста біз айтқымыз келіп отырған екінші себеп өздігінен ақ шығады. Ол – сыни ойлау. Мәселен, сізді шекара асып, бейбіт еліңізді тастап, соғысуға үндейтін уағызға тап болсаңыз, эмоцияға берілуге асықпаңыз. Сыни пайымға салыңыз. Бұл уағызды кім айтып жатыр, келтіріп жатқан дәлелдері қаншалықты қауқарлы деген секілді өз-өзіңізге сұрақтар қойыңыз. Сала мамандарына жүгініңіз. Ал деструктивті діни ағымды ұстанушылардың дәл осы сыни ойлауға аса қызықпайтынын айтуға болады. Сондықтан да олардың идеологиясы негізіннен буквализмге негізделген. Құран аяттарын барынша тікелей түсініп, өздерінің іс-әрекеттерін ақтағысы келеді. Алайда том-том тәпсір кітаптарды ғалымдарымыз зеріккеннен жазбаған. Құран аятын нақты түсіну үшін әр аяттың қай кезде, қандай жағдайда, қандай оқиғаға байланысты түскенін білу аса маңызды.

А.Сүйіндік,  
Ақтоғай аудандық мешітінің наиб  
имамы.

## Қазақстандағы басты діни конфессиялар қандай?

Қазақстан қазіргі таңда күллі әлемге өзінің дінаралық келісім мен ұлтаралық татулықтың қасиетті ордасы екенін әйгілі етті. Дін еліміздегі бірліктің рухани тірегі болып, халықтың ынтымағы мен тыныштығы үшін қызмет ететін өзінің негізгі міндетін мінсіз атқарғанының нәтижесінде Қазақстан осындай биіктерге қол жеткізгені анық.

Қазіргі уақытта еліміздегі конфессиялар – Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы, Қазақстан Республикасындағы Митрополит округі, Қазақстандағы Рим-Католиктік шіркеуі, Қазақстандағы Иудаизм, Қазақстандағы Буддизм бейбітшілік пен келісімді және қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етуде. Олар мәдениеттер мен дәстүрлердің және көзқарастардың әр алуандығына қарамастан, Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолында, бейбітшілік пен татулық үшін мәдени, діни іс-шараларды «Бейбітшілік пен келісім сарайында» келісе отырып жүзеге асыруда. Республикамызда көп этникалық және конфессионалды Қазақстан халқының діни мүддесін білдіретін 18 конфессияның өкілдері бейбіт қатар өмір сүреді және өзара әрекеттеседі. Қазақстандағы діндер діни тәжірибелерімен және қоршаған ортаға деген көзқарастарымен еркешеленетін, әр түрлі сенімдерді ұстанатын әр түрлі ұлыстар, тіл, мәдени және әлеуметтік топтағы адамдармен қамтылған. Ішкі тұрақтылығы бекем Қазақстан қазіргі әлемдік дамудың күрделі, қарама-қайшылыққа толы, іргелі мәселелерін шешудің аса маңызды әдісі ретінде өркениеттер үн қатысуын ұйымдастыру үшін үш жыл сайын әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізіп отыруды дәстүрге айналдырды.

Кез келген шынайы мәдениеттің наным-сенімге негізделетіні, наным-сенімнің түп қазығы дінге барып тірелетіні белгілі. Ал дін атаулының бейбітсүйгіштік, ізгілік қасиеттерге бағышталатын құндылығын игі мақсаттарға пайдалану – айтуға ауыз бармайтын нәубеттерден ғаламды құтқарып қалудың бірден-бір жолы. Толғанға тасымай, болғанымызды бекітіп жүруді, қазіргі аласапыран заманда жастарымызды арандап қалудан сақтандыруды уақыт талап етуде. Қалыптасқан экономикалық, әлеуметтік және рухани сұраныс себептеріне қарай қоғамның дін саласында біраз өзгерістер мен үдерістер орын алды. Бірнеше конфессияға тән және еліміздің дүниетанымына жат түрлі діни бірлестіктер пайда болды.

Әлемнің түрлі бөліктеріндегі, соның ішінде кейбір көрші елдердегі этно-діни қайшылықтардың күшеюі, Қазақстанға сырттан экстремизм мен радикализмнің әртүрлі нысандарының кіруі айтарлықтай қауіп туғызады. Қоғамда орын алып отырған әлеуметтік және тұрмыстық жергілікті мәселелер де этностық рең алып кетуі мүмкін. Жас ұрпақты тәрбиелеуде жіберілген олқылықтар көпэтносты Қазақстан халқының этносаралық және мәдениетаралық төзімділік дәстүріндегі сабақтастықтың бұзылуына қауіп тудыруы мүмкін. Сондықтан, осындай қауіпті болдырмау үшін ізгі іс-шараларды уақыт оздырмай іске асыру – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірегейі. Көп ұлт пен ұлысты және әртүрлі конфессияларды құраған зайырлы мемлекетіміздің басты мақсаттарының бірі – халықтың рухани сұранысына жауап беретін діни құндылықтарға көңіл бөле отырып, осы салада келелі қызметтер атқару.

Н.Өміржан,  
аудандық жастар ресурстық орталығының маманы.

## Қазақстан – конфессияаралық келісім мен бірліктің бесігі

Қазақтың «Бірлік бар жерде – тірлік бар» деген қанатты сөзі татулық пен бауырластықтың айғағы секілді. Болашақтың бірліксіз болмайтынын болжай білген бабаларымыз осы қағиданы басты бағыт етіп ұстағаны анық. Ол атадан балаға мұра болып, әлі де жалғасын тауып келеді.

Әлемдік тәжірибеде ұлттар мен ұлыстарды бір шаңырақтың астына біріктіріп, береке-бірліктің қадір-қасиетін танытып келе жатқан мемлекеттер саусақпен санарлықтай болса, соның ішінде 130-дан астам ұлт пен ұлыстың өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатқан Қазақстан бүгінде әлем елдеріне үлгі хәм өнеге.

Жүзі басқа болғанымен жүрегі бір, тілі басқа болғанымен тілегі бір, мақсат-мүддесі ортақ, бірлігі мықты, достығы берік ұлттар қазақ елінің салт-дәстүріне, ұлттық құндылықтарына құрметпен қарайды. Сондай-ақ, қазақ халқын олар қарапайымдылығы, қонақжайлылығы, бауырмалдығы үшін ерекше бағалайды, бастысы – өздері қоныс тепкен Қазақстан жерінің барлық ұланымен ауыз бірлікте, туыс.

Тәуелсіз елімізде барша қазақстандықтарды біріктіріп, ел болашағының іргетасын қалауда тарих, мәдениет, дін және тілдің атқарған ролі орасан зор болғанын бәріміз білеміз.

Елбасы өзінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа Жолдауында «Еліміздің әлеуметтік-экономикалық табыстарының негізі – біздің басты құндылықтарымыз ретінде қала беретін азаматтық бейбітшілік, ұлтаралық және конфессияаралық келісім», – деп атап өткен болатын. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев

өткен жылдың 20 маусым күні №500 Жарлығымен «Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған Тұжырымдамасын» бекітті.

Тұжырымдаманың негізгі мақсаты – мемлекеттік-конфессиялық және конфессияаралық қатынастарды жетілдіруге, мемлекеттің зайырлы қағидаларын нығайту және дінді деструктивті мақсатта пайдалануға жол бермеу болып табылады. Сан ғасырлар бойы түрлі этностар мен конфессиялар өкілдері тату-тәтті өмір сүріп, бір-бірін мәдени тұрғыдан өзара байытқан, республика аумағында алғаш рет Қазақстан халқының мәдениетін және дәстүрлі рухани құндылықтарын дамыту үшін қажетті саяси-құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар қалыптасты.

«Бүгінде әлем үлкен өзгерістер жолағына аяқ басқанын Елбасымыз да айтып өтті. Халықаралық қатынастар айтарлықтай дағдарысты бастан кешіп отыр. Осындай күрделі жағдайда елімізде берекелі тірліктің орнауы, ең бірінші ауызбіршіліктің арқасы деп білеміз. Мұндайда, қазақ халқында айтылатын әдемі мақал бар. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дейді. Міне, сондықтан кең-байтақ қазақ даласында орнаған татулықты мәңгі ұстап тұруға өзге ұлт пен дін өкілдерінің қосар үлесі де зор», – дейді ол.

Қазақстанда қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз ететін этностар мен діндер арасында орнықты әрекет үлгісі қалыптасты. Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы төрағалық міндетіне кірісуі кезінде сөз сөйлеген Қазақстан Президенті Н.Назарбаев: «Біздің ұлтаралық және дінаралық келісімнің моделі – бүкіл әлемдегі

түрлі конфессиялар арасындағы қарым-қатынас ісіне Қазақстанның қосқан қомақты үлесі» деген болатын. Еуразия жүрегіне діни және мәдени әртүрлілік үлкен тарихи кезеңде қалыптасты.

Қазақстан ел ішінде тұрақтылық пен келісімді сақтауда, әмбебап жалпыадамзаттық құндылықтардың жалпыұлттық бірлігін нығайтуда діннің маңызды рөл атқаратынын, түрлі діндер мен конфессиялардың бірге өмір сүре алатынын және толық өзара түсіністік пен сыйластық негізінде үйлесімді дами алатынын әлемге айқын танытып келеді. Қазақстан көпэтносты және көпконфессиялы тәуелсіз мемлекет ретінде мемлекеттік билік органдары мен діни бірлестіктер арасындағы өзара қарым-қатынастың өзіндік үлгісі мен тәртібін қалыптастыруда.

Елімізде 18 конфессия және 3658 діни бірлестіктер жұмыс жасап жатқан болса, соның ішінде Түркістан облысында 11 конфессияға біріккен 60 діни бірлестіктер мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының 824 мешіт-филиалдары жұмыс істеді. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қарым-қатынасты сәтті құра алатынын, конфессияаралық келісімді қолдап, дамыту және сонымен қатар мемлекеттік құрылыстың түйткілдерін шеше алатынын бүкіл әлемге көрсете алды. Кеңес Одағы ыдыраған тұста ұлтаралық жанжалдардың алаңы болады деп болжанған Қазақстан – бүгінде конфессияаралық келісім мен тұрақтылықтың мекені ретінде әлемге аян. Қазақ халқының сыйластыққа негізделген тарихи тәжірибесі, мейірімділігі мен төзімділігі, осы құндылықтарға негізделген.

Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі.



# «Балқаш универсал» ЖШС, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шашубай кенті тұрғындарының назарына 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап коммуналдық қоқыс қалдықтарын жинау және әкету шарты

Коммуналдық қоқыс қалдықтарын жинау және әкету жөніндегі қызмет көрсету келісімшарты.

«Балқаш универсал» ЖШС, әрі қарай «қызмет көрсетуші» деп аталатын, оның атынан Жарғы негізінде әрекет жасайтын директоры Сартаев А. А. бір жақтан, Шашубай кентінде тұрғын үйдің (пәтердің) иесі, екінші жақтан, бұдан әрі «тұтынушы» деп аталады, осы келісімшартты жасады:

1. Келісімшарттың мақсаты:

1.1. Коммуналдық қоқыс қалдықтарын арнайы белгіленген орындардан (қоқыс жинайтын жәшіктер алаңдарынан) жинау және әкету, әрі қарай «Қызмет көрсету» деп аталады.

2. Қызмет көрсетушінің құқығы және міндеті.

2.1. Қызмет көрсетушінің құқығы:

2.1.1. Тұтынушыдан қатты қалдықтарды жинап, шығарғаны үшін осы келісімшартта көрсетілген төлемақыны уақытылы алу. Төлемақының төлеу мерзімі бұзылған немесе кешіктірілген жағдайда қызмет көрсетуші ҚР заңдарына сәйкес тұтынушыны сотқа беруге құқылы.

2.1.2. Осы шарттың 4.1. тармағы бұзылған жағдайда тұтынушыға қызмет көрсету тоқтатылады.

2.1.3. Тұтынушы уақытша үйде болмаған жағдайда (саябақ, демалыс орындарында болғанда) тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару үшін төленетін төлемақыны төлеуден босатылмайды.

2.2. Қызмет көрсетушінің міндеті:

2.2.1. Тұрмыстық қатты қалдықтарды техниканың қозғалыс кестесіне сәйкес уақытылы тасу, әкету.

2.2.2. Тұрмыстық қатты қалдықтарды әкету кестесін пайдалану жағдайына қарай ыңғайластыру.

2.2.3. Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету төлемін адам санына қарай (үйде тіркелген) бекітілген тарифке байланысты жасау (4.1.т сәйкес).

2.2.4. Тұрғындарға тұрмыстық қатты қалдықтардың жинау және әкету бағасының өзгергені жөнінде

хабарлап отыру.

2.2.5. Тұрмыстық қатты қалдықтардың жинау және әкету төлеміне, егер жанұя мүшелері қоныстан тыс жерге кетсе, олар қажетті құжат әкелсе, қайтадан есеп жасау.

3. Тұтынушылардың міндеті мен құқығы.

3.1. Тұтынушылардың құқығы:

3.1.1. Тұрмыстық қатты қалдықтарды өз уақытында белгілеген кестеге сәйкес шығару.

3.1.2. Бағаның дұрыс есептелуі жөнінде хабар алу.

3.1.3. Егер оның құқығы бұзылса, ҚР Заңдарына сәйкес қорғану.

3.2. Тұтынушылардың міндеті:

3.2.1. Осы келісімшартқа, бекітілген кестеге сәйкес төлем жасау.

3.2.2. Қызмет көрсетушіге уақытылы жанұяларындағы адам саны туралы ақпарат беру.

3.2.3. Қалдықтарды салатын жәшіктерге құрылыс қалдықтарын, кірпіштер тастамау, картон қалдықтарын сол қалпында тастамау.

3.2.4., 3.2.3. тармақтарында көрсетілген қалдықтарды шығару үшін қызмет көрсетушіге қосымша айту.

3.2.5. Тұрмыстық қатты қалдықтарды арнайы орнатылған жәшіктердің жанында, аумағында өртемеу.

3.2.6. Орналасқан қоқыс жәшіктерін ұқыпты ұстау.

3.2.7. Егер жәшіктер орнатылмаса, онда қатты қалдықтарды алатын уақытта ғана сыртқа шығару.

3.2.8. Тұтынушы тұрған үйден кететін немесе қоныс аударатын болса хабар беру.

4. Қызметтің құны және сеп айырысу тәртібі.

4.1. Тұрмыстық қатты қалдықтарға төлем жүргізуді әр айдың 25 жұлдызынан кешіктірмеу және әрбір адам басына шаққанда төмендегі көлемде төлеу:

- Шашубай кентінің аббаттандырылған және орталық желілерге қосылған тұрғын үйлерден тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету үшін айлық төлем көлемі 1 адамнан 178 тенге ҚҚС 12%-бен ескеріле отырып;

- Шашубай кентінің аббаттандырылмаған және орталық желілерге қосылмаған тұрғын үйлерден тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету үшін айлық төлем көлемі 1 адамнан 188 тенге ҚҚС 12%-бен ескеріле отырып;

4.2. Тұрмыстық қалдықтарды жинау және әкету төлемі касса арқылы немесе қызмет көрсетушінің есепшотына аударуға болады.

4.3. Төлемді уақытылы төлемеген жағдайда тұтынушы, төлем мерзімін өткізген әрбір күн үшін, Қазақстан Республикасының ұлттық банкі рефинансированиясының ставкасы бойынша қызмет көрсетуші айып (айып пұл, өсім) төлейді. Айып төлеуі келісімшарт міндеттемелерін орындамаудан босатпайды.

5. Екі жақтың жауапкершілігі немесе шағымдарды реттеу.

5.1. Осы келісімшартта көрсетілген екі жақты жауапкершілік ҚР территориясында қолданылатын азаматтық заңдар негізінде шешіледі.

6. Келісімшарттың мерзімі.

6.1. Келісімшарт 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап шектеусіз мерзімге дейін жасалады.

6.2. Осы келісімшарт бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған соң күшіне енеді және ҚР Азаматтық Кодексінің 387, 683, 687 баптарымен реттеледі.

6.3. Пайда болу және жинақталу нормаларын, коммуналдық қалдықтарды жинау, шығару және ҚТҚ көму жаңа тарифтерін бекітілген жағдайда, ҚР заңнамасына сәйкес, БАҚ қосымша хабарланады.

7. Қызмет көрсетушінің мекен-жайы және банктегі есепшоты:

«Балқаш универсал» ЖШС  
100300, Қарағанды обл.,  
Балқаш қаласы, Аманат көшесі, 2.  
СТН 302500211929  
ИИК KZ 48601709100004651  
БИК HSBKZZKX  
БИН 050340006503

«Қазақстан Халық Банк» АҚ.  
Сартаев А.А.,  
«Балқаш универсал» ЖШС  
директоры.



## Уважаемые потребители!

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Карагандинской области (расположенный по адресу: г. Караганда, ул. Костенко, дом 6, тел. 8 7212 42-67-00, 41-18-27, сайт <http://www.gov.kz/memleket/entities/krem>) проводит публичное слушание по рассмотрению информации о предстоящем повышении цены ТОО «Электржабдықтау» на услуги розничной реализации электрической энергии.

Информация представлена в соответствии с Правилами ценообразования на общественно значимых рынках, утвержденными приказом Министерства национальной экономики от 1 февраля 2017 года №36.

В соответствии с п. 24 Правил, публичные слушания проводятся уполномоченным органом или его территориальным подразделением, в том числе с организацией онлайн-трансляций, с обеспечением беспрепятственного доступа участников публичных слушаний.

Публичное слушание состоится 21 декабря 2022 года, в 12.00 часов, по адресу Карагандинская область, Ақтоғайский район, п. Сарышаған, ул. Абай, 12 (здание ДҚ), а так же в режиме онлайн посредством социальной сети Facebook (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>), а также, конференции в платформе Zoom по ссылке: (<https://us05web.zoom.us/j/83392427791?pwd=RldBOUNwMnhFU3d4ZGpRSVR2YWJSdz09>), идентификатор конференции: 833 9242 7791, код доступа: 123456), по рассмотрению информации о предстоящем повышении предельной цены ТОО «Электржабдықтау».

На публичное слушание приглашаются депутаты маслихатов, потребители, независимые эксперты, средства массовой информации, представители органов местного самоуправления, государственных органов, общественных объединений, субъектов естественных монополий и иных заинтересованных лиц.

Контактные телефоны Департамента: 8 (7212) 41-18-27, 41-34-24.

Контактный телефон ТОО «Электржабдықтау»: 8 (71033) 2-76-98.



АБ

### Құрметті оқырман!

«Ақтоғай ажары» газетін сайттан да оқыңыз!  
<https://aqtogaiajary.kz/>

Жаңалықтан құр қалмаңыз!

04 қыркүйек 2008 жылы Кусайинов Берикбол қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ө.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады.  
Тел: 8-705-832-83-06.

19 мамыр 2022 жылы Асылбеков Толендин Орынбекулы қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ө.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады.  
Тел: 8-705-832-83-06.



# Құттықтаймыз!

Құрметті көршіміз  
**Қуаныш Қадырұлы** сізді  
асқаралы 60 жасыңызбен  
құттықтаймыз!

Денсаулығыңыз мықты  
болып, сол денсаулықтың  
арқасында бала-шаға,  
отбасыңыздың қуаныш-  
қызығын көре беріңіз.  
Күш-қайратыңыз кемімей,  
Алланың берген жасын  
жасап, ел-жұртыңызбен,  
ағайын-туғанның ортасында  
бақытты ғұмыр кешіңіз,  
шаңырағыңыз шат-шадыман  
думанға толсын. Бәйбіт  
замаң, ашық аспан астында  
мерейлі күндеріңізді қарсы  
алып, жүзіңіз қуаныштан  
жарқырасын. Ешқашан да  
қабағыңызды кірбің шалмай,  
күн сайын шаттыққа кәле беруге  
тілектеспіз!

Бақыттың бесігінде тербеліп,  
Шаттыққа да әр күн сайын кәеліп.  
Жүріңіз қашанда алшаң басып,  
Ортамызда жақсылыққа бөленіп.

**Ізгі тілекпен:** Болат-Бұлбұл, Мейрам-Сақыпжамал,  
Саят-Жанат, Нұрлан-Айгүл, Қанат-Дина, Ардақ,  
Қайыр, Мұратбек-Бақша, Қуандық-Бибігүл,  
Төлген-Гаухар, Тілеуберген-Айнаш, Нұрлан-Бұлбұл,  
Ерлан-Назым.



Сыйлы да қадірлі ағамыз  
**Амантай Әбжанов!**

Сізді зейнеткерлік жасқа  
толған мерейтойыңызбен  
шын жүректен  
құттықтаймыз! Еңбегіңіз  
елініп, құрметті демалысқа  
шыққан қуанышты күніңіз  
құтты болсын. Еткен  
еңбегіңіз бен төккен теріңіз  
аз емес. Ендігі сол еңбектің  
зейнетін көріп, ауырмай-  
сырмамай, немере-шөберенің  
ортасында құрметті ата деген  
атты иеленіп, жүре беріңіз.  
Құрметті демалысыңыз 100  
жасқа ұлассын.

Зейнет жасқа кепсіз зымырап,  
Бірақ қимыл әлі жастай шымыр-ақ.  
Еңбегіңіз зейнет болсын ендігі,  
Күндеріңіз мұң салмасын қырындап.

**Ақ тілекпен:** Оразбай-Бақыт, Наурызбай-Алмагүл,  
Құндыз, Арыстан-Кәмшат, Тілеубай-Назақат.



Аса қымбатты құдамыз,  
**Айбол Айтжанұлы!**

Сізді 60 жас мерейтойы-  
ңызбен шын жүректен  
құттықтаймыз, мықты ден-  
саулық, Дамер құдағиен  
бірге ұрпақтарыңыздың  
қызығына бөленіңіздер!  
Балдай тәтті немерелеріңіз  
Мариямға бақытты бала-  
лық тілейміз! Алланың  
қолдауында жақсы күндеріңіз көп болсын!

Бүгінгі күн – бөлектеу күн, маңызды,  
Маңыздысы – бүгін туған жан ізгі!  
Алпыс мәрте Күнді айналған жұмыр Жер,  
Сізге бақыт тілеп тұрған тәрзіді.

**Тілекпен:** құдағиыңыз – Алтын, құдаларыңыз –  
Серғазы-Айгүл, Еркебұлан-Бақытгүл



Сыйлы жан – құдамыз  
**Айбол Айтжанұлы** сізді  
60 жас мерейтойыңызбен,  
сүйікті де сүйкімді  
немереміз **Мәриям** 1 жас  
– тұсаукесерімен шын  
жүректен құттықтаймыз!

Мерейлі белес, айтулы  
асуға қадам басқан қадірлі  
құдамызға бас амандық,  
бала-шаға шаттығын, зор  
денсаулық пен шырайлы  
өмір тілейміз. Алансыз  
да бақытты өмірде бала-шаға,  
ұрпақтардың думанды  
қызықтарына тоймай, жыл сайын  
туған күнді тойлап, тек  
жақсылық пен қуанышта қауышпа  
беруге жазсын!

Кішкентай немереміз Мариямға  
өмірдегі бар жақсылықты  
тілейміз. Әрдайым көз қуанышымыз  
болып, аман-есен  
ортамызда жаздай жадырап,  
гүлдей құлпырып жүре берсін.  
Ең бастысы, қазақтың қызы деген  
атқа лайық болсын.

Құтты болсын 60 деген жасыңыз,  
Қуаныштың кемеріңіз тасыңыз.

Әрқашанда мықты болып денсаулық,  
Қажымастан жүзден әрмен асыңыз.

**Ігі тілекпен:** құдаларыңыз – Айша апа,  
Талғат-Айнұр, Батырлан-Анар, Айдана, Бексұлтан



Ақтоғай ауылының  
тұрғыны, қадірлі көршіміз  
**Амантай Әбжанұлы** 63  
– зейнеткерлік жасқа толған  
мерейтойымен құттықтай  
отырып, мықты денсаулық,  
ұзақ өмір, отбасы бақытың,  
немерелердің қызығын  
көруіңізге тілектеспіз.  
Ұзақ жылы абыроймен  
атқарған еңбегіңіздің  
жемісін көріңіз. Әр күнде  
жақсылықтармен қауышып,  
жасыңызға жас қосылып,  
ауылдастарыңыздың сый-құрметіне  
бөленіп, ырыс-  
несібеніз арта берсін. Тойыңыз  
тойға ұлассын.

Шуылдасын айналып немере мен  
шөберен,  
Шаңырағың шаттықты, кенейсін тағы  
кереген.  
Көретін әлі қызық көп, 100-ден  
асын ғұмырың,  
Ортамызда отыршы батаны беріп  
демеген.

**Ігі ниетпен:** көршілері – Орын тәте,  
Құрал-Несіпбала, Серік-Бибінуір,  
Кәкен-Тұрымхан,  
Дулат-Гүля, Әлия, Бибігүл

Ақтоғай ауылының  
тұрғыны **Сыздықов**  
**Талғат Сәкітайұлы!**

Бүгінгі туған күнінмен  
құттықтаймыз. Басты  
байлық денсаулығың  
мықты болсын. Әкей мен  
шешей, бала-шағаң және  
жан-жарың аман болып,  
ортамызда жүре бер.  
Алланың берген жасын  
жаса.

Елу деген – ердің жасы

енселі,  
Елу деген – жарты ғасыр өлшемі.  
Болсын деумен бақытыңды баянды,  
Шын жүректен құттықтаймын мен сені.  
Саған бақыт тілеп жүрем үнемі,  
Бауырға ыстық бауырының тілегі.  
Ұзақ ғұмыр тілей жүріп өзіңе,  
100-ге дейін соқса деймін жүрегі.

**Тілек білдірушілер:** жезден – Қайыр, апан –  
Саягүл, жиендерін – Жан, Нұр.



Асқар тау әкеміз **Жұмашев**  
**Айбол Айтжанұлы** 60  
жас мерейтойымен және  
ханшайымымыз **Айбол**  
**Мәриям Бауыржанқызын**  
1 жас тұсаукесер  
тойымен шын жүректен  
құттықтаймыз!

Әке, туған күнімен құт-  
тықтаймыз! Сізге ұзақ  
бақытты өмір тілейміз.  
Денсаулығыңыз кез-келген  
қатайтылған болаттан мықты  
болсын. Өмір сізді қуанып,  
жаңа жарқын сезімдер әкелсін!  
Мәриямға бақытты балалық шақ  
тілейміз! Жасы ұзақ  
болсын! Ата-әжесінің, ата-анасының  
көз қуанышы болсын!

Жан әке, сіз жүргенде көзінді сап,  
Өсеміз бәйтеректей өзін құсап.  
Ортада сіздер барда дара шындай,  
Бізге ашық кең пейілді сезім құшақ.  
Жан әке, үйреткен сіз ерлікті де,  
Ұғындық сізге қарап елдікті де.  
Жүреміз жалғастырып дәстүрінді,  
Дарығып дарханлықты, кеңдікті де.  
Жан әке, бүгін той ғой ән салатың,  
Шаттыққа толы болсын әр сағатың.  
Атыңды асқақтатып біз ұстаймыз,  
Болашақ немере-шөберенмен 100 жасағың!

**Ақ тілекпен:** анамыз – Дамер, балалары –  
Дулат-Айнагүл, Талғат-Баян, Бауыржан-Ақторғын  
және немерелері.



Құрметті аяулы жеңгеміз  
**Қорлан Қасжанқызы!**

Сізді адам өмірінің  
айтулы белесі – зейнет  
жасқа толуыңызбен шын  
жүректен құттықтаймыз!  
Сізге жарқын да мағыналы  
өмір, көтеріңкі де кіршіксіз  
көңіл тілейміз. Өмір  
жолының асқар биігі  
алпыстың шыңына шығып,  
бейнеттің зейнетін көретін  
жасқа жеттіңіз. Сәкен  
екеуіңіз өмірдің қызығын бірге  
көріп, ұл тәрбиелеп,  
қатарынан қалдырмай, өз алдарыңызда  
отау құрғызып,  
немере көріп отырсыздар. Ендігі  
алдағы өмірде  
немеренің қолынан шәй ішіп,  
шөберенің қолынан май  
жалатқызуға Алла нәсіп етсін.

Ізгілікті нұрын шашар манайға,  
Адамсыз ғой үлгі болар талайға.  
Жақсылықты өзіңізден көп көрген,  
Ұмытпайды туған-туыс қалайда.  
Үлгі болған үлкенге де, жасқа да,  
Сыйлар сізді туған-туыс маңғайда.  
Бақытты боп бұл өмірде мәңгілік,  
Қуатыңыз таусылмасын 100 жаста!

**Ізі ниетпен:** іні-сіңлілеріңіз – Манарбек-Раушан,  
Серік-Бибігүл, Серік-Зайдагүл, Ерлан-Анар,  
Жазибек-Эльмира, Данияр-Жанар.



Құрметті **Сыздықов**  
**Талғат Сәкітайұлы!**

50 жасқа толған мерей-  
тойыңызбен шын жүректен  
құттықтаймыз. Ердің жасы-  
на аяқ басқан азаматқа  
мол қажыр-қайрат, ұзақ  
та баянды өмір, бақыт  
пен шаттық тілейміз. Күн  
сайын шадыман сезімдерге  
бөленіп, ортанызда құрмет-  
сыймен елсініп, әрбір атқан  
танды қуанышпен қарсы ала беріңіз  
дейміз. Қадамыңыз  
қарымды болып, осындай айтулы  
биік, асқаралы  
шыңдарға талмай жетіп, асыл  
арман, ізгі-тілектеріңіз  
орындалсын деп тілейміз.  
Отбасыңыз бақытқа толы  
болып, ұрпағыңыз имандылығымен  
сүйсіндіріп,  
асқақтай беруіңізге тілектеспіз.

Ақ айдыңға салып бақыт кемесін,  
Жарқын жүзбен шаттаныңыз күлінің.  
Әр мерейтой мерекелі күн болып,  
Ортамызда жайнап, дәйім жүріңіз.

**Ізгі тілекпен:** Серік-Меруерт, Қуандық-Гүлфайруз,  
Наурызбай-Алмагүл, Айдын-Гүлмира,  
Сәттар-Баян, Еркеш-Раушан.

**Құрылтайшы:** ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

**Редактор:** Г.ЕЛЕУСИЗОВА

**Меншік иесі:** “Ақтоғай ажары” газеті  
редакциясы ЖШС

**Тіркеу куәлігі:** №KZ94VPY00019192. (Қазақстан  
Республикасы ақпарат және даму Министрлігі  
2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

**Жауапты хатшы:** Думан Қабыл

**Кезекші редактор:** Еркебұлан Айтжан

Газет редакцияның компьютер  
орталығында қатталып, Қарағанды  
қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де  
басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі  
газеттің көзқарасын білдірмейді.  
Таралымы 1200 дана

**Мекен-жайымыз:** 100200, Ақтоғай

ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

**Телефондар:** редактор: 2-18-81,  
тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



**Электрондық пошта:** aktogai\_red@  
mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан  
материалдар қабылданбайды.

